Р. Бобанов

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ЫРҒЫЗ АУДАНЫ ӘКІМІНІҢ

ӨКІМІ

АКИМА ИРГИЗСКОГО РАЙОНА АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ

РАСПОРЯЖЕНИЕ

Ырғыз ауылы

село Иргиз

29 наурыз 2021 ж. № 98-ө

Міндеттерді жүктеу туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 33, 37-баптарына, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңының 38-бабына сәйкес:

1. Ырғыз ауылдық округі әкімі бос лауазымы санаты E-R-1 болмаған кезеңінде 2021 жылғы 29 наурызынан бастап міндетін қоса уақытша атқаруды аудан әкімінің орынбасары С. Қонақбаевқа жүктелсін және қаржылық құжаттарға бірінші қол қою құқығы берілсін.

2. Лауазымдарды қоса атқарғаны үшін С. Қонақбаевқа лауазымдық жалақылардың айырмасы мөлшерінде 25 (%) пайыз қосымша ақы белгіленсін.

3. Осы өкіммен таныстыру аудан әкімі аппаратының персоналды бірыңғай басқару (кадр қызметі) бөліміне тапсырылсын.

Негіздеме: Аудан әкімі аппаратының басшысы Б. Мырзагариннің 2021 жылғы 29 наурыздағы қызметтік жазбасы.

Аудан әкімі **Ә. Әуелбаев**

Ақтөбе облысы Ырғыз ауданының әкімі

00098*

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ
ЫРҒЫЗ АУДАНЫ
ӘКІМІНІҢ

ӨКІМІ

АКИМА
ИРГИЗСКОГО РАЙОНА
АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ

РАСПОРЯЖЕНИЕ

Ырғыз ауылы

село Иргиз

2021 жылғы 19 наурыз № 35-ө

Конкурстық комиссия төрағасын қайта бекіту туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 33, 37 баптарына және мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 8 бабының 3 тармағының 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 61 бабына сәйкес:

1. «Ырғыз ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік сатып алуларға комиссия төрағасы болып бекітілген Сарин Алтынбек Асылбекұлы жұмыстан босатылуына байланысты мемлекеттік сатып алудың конкурстық комиссиясына өзгерістер енгізілсін.

2. «Ырғыз аудандық қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі ұйымдастырушы болып айқындалған мемлекеттік сатып алуларға Қонақбаев Серік Көбекұлы мемлекеттік сатып алулардың конкурстық комиссиясының төрағасы болып қайта бекітілсін.

3. Мемлекеттік сатып алу веб-порталында «Ырғыз аудандық қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі ұйымдастырушы болып айқындалған мемлекеттік сатып алуларға тиісті өзгерістер енгізілсін.

4. Сарин Алтынбек Асылбекұлы жұмыстан босатылуына байланысты комиссия төрағасынан босатылсын.

5. Осы өкімнің орындалуын бақылау осы салаға жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.

Аудан әкімі **Ә.Әуелбаев**

00035*